

8D012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Еркебаева Сауле Жомартқызының «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын және «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын», Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын және Президенттің халқына Жолдауларын басшылыққа алуымен сипатталады.</p> <p>Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесін сапалылықпен және тиімді қолдану және практикаға кеңінен енгізу үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат пен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары» және т.б. талдау және барлық берілген дағды міндеттерінің ішінен коммуникативтік дағды мазмұны мен коммуникативтік ойын құрал, мектепке дейінгі ересек жастағы</p>

			<p>балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту әдістеріне тірек болатын ұғымдарды анықтап алу жүзеге асырылған.</p> <p>Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттары мен әдістемелік құралдарына сай беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту» тақырыбының өзектілігі мен өміршеңдігін аша түседі. Сондықтан С.Ж.Еркебаеваның диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ресми құжаттарымен тығыз байланыстылығын танытады.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>С.Ж.Еркебаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысы Мектепке дейінгі білім беру ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.</p> <p>Қазіргі қоғам талаптарына сай жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық тұрғыда негізделмеуі мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде</p>

			<p>жасалмағандығын дәлелдеген.</p> <p><i>Біріншіден,</i> жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдары мен «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» түсінігінің мәні нақтыланған, әдіснамалық негізі ретінде басшылыққа алынатын тұғырлар мен ұстанымдар түзілген.</p> <p><i>Екіншіден,</i> жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері іріктелген, жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталған.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы ойынның рөлі мен маңызы айқындалып, 4К негізіндегі ойындар кешенімен жұмыстың әдістемесі әзірленген.</p> <p><i>Төртіншіден,</i> мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесі (мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық негіздері мен әдіснамалық тұғырларына сүйеніп анықталған моделі, сөйлеуді дамыту білім мазмұны, ұйымдастырылған іс-әрекет жүйесі мен тапсырмалар кешені, 4К негізіндегі ойындар жинағы, оқыту әдістері жүйесі негізіндегі тапсырмалар мен жаттығулар кешені) жасалған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Орындалған жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпараттар

			түсінікті әрі мағыналы және құрылымды сақтай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігінің негіздемесі жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту мәселесінің зерттелмегенін көрсетті. Проблеманың өзектілігін талдау мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында, оның теориялық және практикалық негізделуі арасында карама-қайшылықтарды туындатады. Көрсетілген карама-қайшылықтан туындаған түйіткілдер теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан;	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл

		3) байланыс жок	ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерді шешуге арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері, ойынның рөлі мен маңызы; құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеу; тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сандық, сапалық және <i>сыни талдау</i> арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант С.Ж.Еркебаеваның диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. <i>Бірінші ғылыми нәтижеге</i> жету үшін ізденуші мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың теориялық негіздерін философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік аспектілері бойынша талдады және әдіснамалық негіздерін айқындауда білім философиясы, жүйелілік, кіріктірілген, коммуникативтік, іс-әрекеттік, синергетикалық тұғырларын басшылыққа алды. «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдары мен «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» түсінігінің мәні бірінші нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> болып табылатынына дәлел. <i>Екінші ғылыми нәтижеге</i> жету үшін жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерінің

		<p>анықталуы екінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда тәрбиешілерге арналған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты 32 сағаттық оқу-бағдарламасы және «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығы», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағы» әдістемелік кешені дайындалып әзірленді және оқу үдерісіне ендірілді. Бұл үшінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің, әдістемелік жүйесінің жасалып, тәжірибеге ендірілуін толығымен жаңа деп санаймыз.</p>	<p>анықталуы екінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда тәрбиешілерге арналған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты 32 сағаттық оқу-бағдарламасы және «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығы», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағы» әдістемелік кешені дайындалып әзірленді және оқу үдерісіне ендірілді. Бұл үшінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің, әдістемелік жүйесінің жасалып, тәжірибеге ендірілуін толығымен жаңа деп санаймыз.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертацияның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды моделдеу» атты екінші бөлімінде автордың зерттеу пәні бойынша жаңа нәтиже алған. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертацияның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды моделдеу» атты екінші бөлімінде автордың зерттеу пәні бойынша жаңа нәтиже алған. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың</p>

			коммуникативтік дағдысын дамытудағы ойынның рөлі мен маңызы талданып, оның құрылымдық-мазмұндық моделі түзілді, ал жұмыстың нәтижесі «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысы» атты үшінші бөлімінде қарастырылған және зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын растайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың ұсынған жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту жұмысының ғылыми-тәжірибелік негізі <i>толығымен жаңа және негізделген</i> болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдардың болуымен, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде алынған қорытындылар – болашақ мектепке дейінгі тәрбиеші мамандарды даярлау нәтижесінде әзірленген әдістемелік кешені теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарында және зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында элективті курс ретінде пайдалануға болады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұжырымдар мен ұстанымдар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ЖОО-да, педагогикалық колледждер мен біліктілікті арттыру тәжірибелерінде пайдалануға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	Докторант С.Ж.Еркебаеваның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт қағидатты

қағидадтар	<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) <u>жок</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) <u>жок</u></p>	<p>айтуға болады: 1) «Коммуникация», «коммуникативтік дағдылары мен «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» түсінігі дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы № 4 (64), 2019 ж, 424-428 беттер атты мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>2) Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту үдерісі мотивациялық, танымдық, эмоционалдық, іс-әрекеттік-коммуникативтік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштердің біртұтастығы негізінде қарастырылуы дәлелденген, тривиалды емес, жаңа боп саналады, қолдану деңгейі кең және «Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік - тілдік дағдыларын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» ("Адамзаттың ғаламдық мәселелерін шешуде ұлттық психологияның рөлі" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 391 -394 б.б. Алматы, «Тұран» университеті, 21 сәуір 2021ж) мақаласында дәлелденді.</p> <p>3) Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудағы ойынның рөлі мен маңызы дәлелденген, тривиалды емес, жаңа боп саналады, қолдану деңгейі кең және «Development of communication skills of older preschool children through information technology» (Cyriot Journal of</p>
------------	--	---

		<p>Educational Sciences Volume 17, Issue 8, 2733-2744 стр.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>4) Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуда қолданылу деңгейі кең, және жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың әдістемелік жүйесі жасалып, «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығында», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерінде, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағында» дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қолдану аясы кең, (Алматы, 2023. – 120 б. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.).</p> <p>Зерттеу нәтижелері автордың 14 жарияланымында көрініс тапқан. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 1 (36 процентиль). ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 3, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 13. «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты 32 сағаттық оқу-бағдарламасы және «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығы», мектепке дейінгі ересек</p>
--	--	---

			жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптері, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағы» әдістемелік кешен – 1.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Докторант С.Ж.Еркебаеваның диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында білім философиясы, жүйелілік, кіріктірілген, коммуникативтік, іс-әрекеттік, синергетикалық әдіснамалық тұғырлары мен баланың ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, әрекеттесудегі өзара «шекара ұстау», еліктеу, коммуникативтік ойын ұстанымдары басшылыққа алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<i>Теориялық</i> (психологиялық және философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу, құрылымдау, ассоциациялау) және <i>эмпирикалық</i> (сауалнама, бақылау, тестілеу, креативті тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдау жасау) <i>әдістер мен деректерді өңдеу</i> және «Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын диагностикалау» авторлық сауалнамасы; Г.Р. Хузееваның ситуациялық жағдаяттар «Менің досым» суретті әдісі; Г.Р. Хузееваның «Бояу» әдістемесі; Е.О.Смирнованың балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілігін анықтауға арналған «Суреттер» әдістемесі; Е.Е.Кравцованың «Ересек адаммен контекстік қарым-қатынас» әдісі; Е.А. Вороничтің байланыстыра сөйлеу құралдарын қолдануды бағалау әдістемесі (Е.М. Мостюкова

			<p>және Т.Б. Филичева тапсырмалары негізінде); Е.А. Вороничтің «Баланың коммуникативті мінез-құлық профилі» әдістемесі (М.И. Лисина бойынша), мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын анықтауға бағытталған сауалнама (авторлық әзірleme); интеграция негізінде білімнің жүйелі әрекетке айналуы бағытталған кесінді тапсырмалар (авторлық әзірleme) арқылы және т.б. Манн-Уитнидің U-критерийі - екі тәуелсіз таңдаманың сандық өлшенген кез-келген белгінің калыптасу деңгейі бойынша салыстыру үшін қолданылатын параметрлік емес статистикалық критерийі екі топ бойынша коммуникативтік дағдылар дамуы деңгейінің салыстыруы анықталды. Зерттеудің сандық және сапалық мәліметтері эксперимент нәтижелерінің анықтауда IBM SPSS Statistics v.22. бағдарламасы қолданылды және сипаттала отырып, <i>диссертация жұмысының нәтижелері алынған.</i></p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық тұжырымдар Алматы қаласының мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары №30, №105, 179 «Бөбекжай-балабақшаларында» ересек топ балаларымен («Құлыншақ», «Толағай», «Балауса», «Қарлығаш», «Құлыншақ» топтарында) ұйымдастырылып өткізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденді. Зерттеу жұмысының «А» Қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p><i>Маңызды мәлімдемелер</i> ҚР-ның нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шет елдік авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарға, зерттеу тақырыбы бойынша</p>

			халықаралық конференция жинақтары мен журналдарына, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға <i>сілтемелермен расталған.</i>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	172 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерден тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімі <i>әдеби шолуға жеткілікті.</i>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	- жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздеуде «Коммуникация», «коммуникативтік дағды» ұғымдары мен «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» түсінігінің мәні нақтылануы, әдіснамалық тұғырлары және ұстанымдарының айқындалуы; - ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалуы; - жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалып, өлшемдік, технологиялық, тұжырымдамалық блоктардан тұратын мотивациялық, танымдық, эмоционалдық, іс-әрекеттік-коммуникативтік компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштерінің деңгейлерінің анықталуы <i>диссертацияның теориялық маңызы бар</i> екендігін көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның <i>практикалық маңызы бар</i> және оның нәтижелері болып табылатын «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік

	<p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>дағдысын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты 32 сағаттық оқу-бағдарламасы мен «Сөйлеуді дамытудың әдістемелік нұсқаулығын», мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға арналған «Сөйлеуді дамыту» жұмыс дәптерін, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытудың 4К негізіндегі ойындар жинағы» әдістемелік кешенін <i>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</i>, өйткені алынған нәтижелерді мамандық білім алушылары, мектепке дейінгі тәрбиеші мамандар қолдана алады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы <i>практикалық ұсыныстар толығымен жаңа</i> және жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытудың мәні, мазмұны мен құрылымы және аталған қалыптастыру моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеші мамандарының біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамытуды зерттеу барысында айқындалған педагогикалық мүмкіндіктер негізінде жүзеге асырған дұрыс. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тиімділігі дәлелденген; мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдысын дамыту әдістемесіндегі 4К негізіндегі ойындар жинағын мектепалды топтарында қолдануға болады. Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орнындарында мамандар даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа</p>

			зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: 8D012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша Еркебаева Сауле Жомартовнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР АПН Академиясы



К.Ж.Туребаева